**"Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2022 жылғы 29 қарашадағы № 164 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 30 қарашада № 30832 болып тіркелді.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10 -бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары бекітілсін.

2. "Білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 17 тамыздағы № 351 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21102 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушысы* | *К. Акатов* |

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар

және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім
министрінің 2022 жылғы
29 қарашадағы № 164
бұйрығымен бекітілген

## "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары ( бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және кадрлар даярлау бағыттары мен оқыту нысандары бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді ұсынатын заңды тұлғалардың білім беру қызметімен айналысуына лицензияны беру тәртібін белгілейді (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы).

2. "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ( бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті (бұдан әрі – Комитет) кадрлар даярлау бағыттары және оқыту нысандары бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы қызметті лицензиялауды жүзеге асыру жөніндегі лицензиар болып табылады.

## 2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге электрондық үкіметтің www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы ( бұдан әрі - портал) арқылы өтінішті және осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес " Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – Негізгі талаптардың тізбесі) 8-тармағында көрсетілген құжаттарды жолдайды.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге

де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптар Негізгі талаптардың тізбесінде көрсетілген.

Порталда көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетінде мемлекеттік қызметті көрсету үшін өтінішті (сұранысты) қабылдау туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

5. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі құжаттар түскен күні оларды қабылдауды, тіркеуді жүзеге асырады және жауапты құрылымдық бөлімшеге орындауға береді. Көрсетілетін қызметті алушы еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу ( қайта тіркеу) туралы, медициналық қызметке лицензия туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден электрондық үкімет шлюзі арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда құрылымдық бөлімшенің қызметкері көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды, ол көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі - ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының порталдағы жеке кабинетіне жіберіледі.

6. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде лицензияны және/немесе оған қосымшаны беру, лицензияны және/немесе оған қосымшаны қайта ресімдеу кезінде заңды тұлға-лицензиатты бөліп шығару немесе бөлу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде:

жауапты қызметкер 22 жұмыс күні ішінде құжаттардың Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығымен ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33892 болып тіркелген) бекітілген жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына (бұдан әрі – біліктілік талаптары) және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіне сәйкестігін тексереді, оның ішінде көрсетілетін қызметті алушыға бару мүмкіндігімен сараптама қорытындысын қалыптастырады және оны білім беру қызметін лицензиялау жөніндегі комиссияның (бұдан әрі — Комиссия) қарауына ұсынады.

Комиссия туралы ереже мен құрамы Комитет төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

Комиссия сараптамалық қорытынды түскен сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде шешім қабылдайды.

Комиссия шешімі шығарылған күннен бастап жауапты қызметкер екі жұмыс күні ішінде электрондық шешімді – лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаны не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты қалыптастырады, ол көрсетілетін қызметті берушінің басшысына келісуге және тексеруге жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы шешімді тексереді және оған бір жұмыс күні ішінде ЭЦҚ-ны пайдалана отырып қол қояды.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала бойынша өз ұстанымын білдіруге мүмкіндік беру мақсатында мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ тыңдауды өткізу уақыты мен орны ( тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін 3 ( үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі. Тыңдау хабарланған күннен бастап 2 (екі ) жұмыс күнінен кешіктірілмей өткізіледі.

Хабарлама (хабархат) тапсырыс хаттың табыс етілгендігі туралы хабарламамен тапсырыс хатпен, телефонограммамен немесе телеграммамен, ұялы байланыстың абоненттік нөмірі бойынша мәтіндік хабармен немесе электрондық мекенжай бойынша не хабархаттың немесе шақырудың тіркеліп-бекітілуін қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдары пайдаланылып жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы алдын ала шешімді алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде көрсетілетін қызметті берушінің алдын ала шешіміне қарсылығын ұсынады немесе айтады.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші заңды тұлға-лицензиатты бөліп шығару немесе бөлу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде лицензияны және/немесе оған қосымшаны беру, лицензияны және/немесе оған қосымшаны қайта ресімдеу туралы не мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 05.08.2024 № 390 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының порталдағы жеке кабинетіне көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қол қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

8. Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша:

1) заңды тұлға-лицензиат "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Заң) 34-бабында айқындалған тәртіпке сәйкес қайта ұйымдастырылған;

2) заңды тұлға-лицензиаттың атауы және (немесе) орналасқан жері өзгерген ( лицензияда мекенжайы көрсетілген жағдайда);

3) егер нақты лицензияның иеліктен шығарылатындығы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Заңына 1-қосымшада көзделген жағдайларда, лицензиат үшінші тұлғалардың пайдасына объектімен бірге "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензияны иеліктен шығарған;

4) "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензия үшін немесе лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей оның орналасқан жерінің мекенжайы өзгерген;

5) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған;

6) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 57-бабы 3-1-тармағының төртінші бөлігінде белгіленген жағдайларда қайта ресімделуге жатады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) және 4) тармақшаларының күші дара кәсіпкер-лицензиаттың заңды мекенжайының, заңды тұлға-лицензиаттың орналасқан жері мекенжайының, "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензия үшін немесе объектілер көрсетіле отырып, лицензияға қосымшалар үшін объектісінің орналасқан жері мекенжайының өзгеруі "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес елді мекендер атауының, көше аттарының өзгеруіне байланысты болған жағдайларға қолданылмайды.

Лицензиаттар мен лицензия объектісі мекенжайларының бұлай өзгеруі мемлекеттік ақпараттық жүйелерді интеграциялау арқылы жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы лицензияны және/немесе оған қосымшаны қайта ресімдеуге өтініш берген кезде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің қызметкері құжаттарды тіркеген сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде құжаттардың қайта ресімдеу талаптары мен негіздеріне сәйкестігін қарайды.

Тексеру қорытындысы бойынша көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің қызметкері екі жұмыс күні ішінде лицензияны қайта ресімдейді не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды дайындайды, оған көрсетілетін қызметті берушінің басшысы ЭЦҚ пайдалана отырып қол қояды және көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинетіне" жіберіледі.

9. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасында көрсетілген тәртіппен мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

10. Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органы көрсетілетін қызметті берушілерге, электрондық үкіметтің

ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы хабарлайды.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 05.08.2024 № 390 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 3. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және ( немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне және Заңға сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

12. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижелері бойынша қабылданған шешіммен келіспеген кезде, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

"Жоғары және жоғары оқу<br>орнынан кейінгі білім беру<br>саласында білім беру<br>қызметімен айналысуға<br>лицензия беру" мемлекеттік<br>қызметін көрсету<br>қағидаларына<br>1-қосымша

**"Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі**

Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 05.08.2024 № 390 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| | | |
|---|---|---|
| Мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауы: "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру".<br>Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы:<br>1. Лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаларды беру;<br>2. Лицензияны және/немесе оған қосымшаны қайта ресімдеу;<br>3. Қайта ұйымдастыру кезінде лицензияны және/немесе оған қосымшаны қайта ресімдеу. | | |
| 1. | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті - лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаларды беру;<br>Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті - лицензияны және/немесе оған қосымшаны қайта ресімдеу;<br>Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті - қайта ұйымдастыру кезінде лицензияны және/немесе оған қосымшаны қайта ресімдеу. |
| 2. | Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері | Лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаларды беру – электрондық үкіметтің www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы;<br>Лицензияны және/немесе оған қосымшаны қайта ресімдеу - электрондық үкіметтің www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы;<br>Қайта ұйымдастыру кезінде лицензияны және/немесе оған қосымшаны қайта ресімдеу - электрондық үкіметтің www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы. |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 3. | Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі | лицензияны және/немесе оған қосымшаны беру – 30 жұмыс күнінен кешіктірмей;<br>лицензияны және/немесе оған қосымшаны қайта ресімдеу – үш жұмыс күнінен кешіктірмей;<br>заңды тұлға-лицензиатты бөліп шығару, бөлу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде лицензияны және/немесе оған қосымшаны қайта ресімдеу – 30 жұмыс күнінен кешіктірмей.<br>"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 57-бабы 3-1-тармағының төртінші бөлігіне сәйкес лицензияны және/немесе оған қосымшаны қайта ресімдеу - 20 жұмыс күнінен кешіктірмей. |
| 4. | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Электрондық (толық автоматтандырылған):<br>лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаларды беру;<br>лицензияны және/немесе оған қосымшаны қайта ресімдеу;<br>қайта ұйымдастыру кезінде лицензияны және/немесе оған қосымшаны қайта ресімдеу. |
| 5. | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаны беру, лицензияны және/немесе оған қосымшаны қайта ресімдеу не осы Негізгі талаптардың тізбесінің 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.<br>Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанында жеке кабинетке жіберіледі.<br>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық. |
| | | Мемлекеттік қызмет заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) |

| | | |
|---|---|---|
| | | ақылы негізде және тегін көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 554-бабына сәйкес бюджетке жекелеген қызмет түрімен айналысу құқығына лицензиялық алым төленеді: 1) лицензияны беру кезінде төленетін лицензиялық алым 10 (он) айлық есептік көрсеткішті (бұдан әрі – АЕК) құрайды; 2) лицензияны қайта ресімдеу кезінде лицензиялық алым – төлеу күніне белгіленген 1 (бір) АЕК. Лицензиялық алым төлеу қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысанда екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар немесе электрондық үкіметтің төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады. Лицензияға қосымшаны, берілген лицензияда және/немесе лицензияға қосымшада қателер табылған және тиісті түзетулер енгізілген жағдайларда лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаны берген кезде мемлекеттік қызмет көрсетілгені үшін ақы алынбайды. |
| 6. | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | |
| 7. | Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және | 1) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады); 2) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасына және " |

| | | |
|---|---|---|
| | ақпарат объектілерінің жұмыс графигі | Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13:00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің: www.sci.gov.kz; порталдың: www.egov.kz, www.elicense.kz интернет-ресурстарында орналастырылған. |
| | | 1) Лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаларды беру:<br>көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салуы;<br>осы Негізгі талаптардың тізбесінің 6-тармағында көзделген жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын мәліметтер;<br>жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын көрсетілетін қызметті алушылар өздері үшін жаңа кадрларды даярлау бағыты бойынша лицензияға қосымшаны алған кезде порталда құжаттарды беру Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетін көрсете отырып, сұратылатын әр мамандық бойынша жеке жүргізіледі.<br>Іске асырылатын білім беру оқу бағдарламаларына байланысты қосымша мынадай құжаттар ұсынылады:<br>1. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын негізгі біліктілік талаптары (бұдан әрі — ЖЖОКБҰ) бакалавриат, |

| | | |
|---|---|---|
| | | магистратура, резидентура және докутарантураның білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін: осы Негізгі талаптардың тізбесіне 1, 2, 3, 4, 6, 7, 8 және 9-қосымшаларға сәйкес мәліметтер нысандары; Ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органның кадрларды даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген, "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28916 болып тіркелген) (бұдан әрі — № 2 бұйрық) және (немесе) "Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28716 болып тіркелген) (бұдан әрі — № ҚР ДСМ-63) және "Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 9 қаңтардағы № 4 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31672 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 4 бұйрығы) сәйкес мемлекеттік және оқыту тілінде (тілдерінде) оқытудың толық кезеңіне әзірленген білім беру бағдарламасының электрондық көшірмесі; |

| | | |
|---|---|---|
| | | "Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс" саласы бойынша кадрларды даярлауды іске асыратын ЖЖОКБҰ үшін, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Сот төрелігі академиясы үшін – № 2 бұйрыққа сәйкес мемлекеттік және оқыту тілінде (тілдерінде) оқытудың толық кезеңіне әзірленген кадрлар даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламасының, оқу жоспарының көшірмелері;<br>оқу әдебиеті қорының жыл сайынғы жаңартылуын растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері;<br>кітапхана қорларын бірлесіп пайдалануға арналған кітапханалармен және ғылыми ұйымдармен шарттардың (келісімдердің) (кемінде екі) электрондық көшірмелері;<br>денсаулық сақтау ұйымының білім алушыларға медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз етуін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі. "Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс" саласында кадрларды іске асыратын ЖЖОКБҰ-ны қоспағанда, оқу корпустары ішкі өткелдермен қосылған жағдайда бір медициналық пункттің болуына жол беріледі;<br>ғимараттарға (оқу корпустарына), клиникаларға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығын растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері;<br>өрт жабдығының жарамдылығын қамтамасыз ететін ұйыммен жасалған шарттардың (келісімдердің) және өрт қауіпсіздігі ережелеріне сәйкестігін растайтын құжаттың электрондық көшірмелері;<br>эпидемиялық маңыздылығы болмашы объекті қызметінің басталғаны және тоқтатылғаны (оларды пайдалану) туралы хабарламаның электрондық көшірмесі; |

| | | |
|---|---|---|
| | | "Денсаулық сақтау" кадрларды даярлау бағыты бойынша – білім алушылардың оқу кезеңін қамтитын және білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес денсаулық сақтау саласында аккредиттелген ересектер мен балалар бейінін қоса алғанда ("Резидентура бағдарламаларының медициналық мамандықтар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 25 мамырдағы № ҚР ДСМ — 43 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22844 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ -43 бұйрығы) клиникалық база бойынша шарттардың (келісімдердің) (кемінде екі) электрондық көшірмелері;<br>біліктілікті арттыру курсынан өткенін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері, оның ішінде: курстың тақырыбы, игерілген сағаттардың көлемі, курсты өткізу кезеңі көрсетілген сертификат, курс қорытындылары бойынша тыңдаушының есебі (курстың мазмұнында қолжетімділігі шектеулі мәліметтер болған жағдайларды қоспағанда);<br>жатақханалардың болуы туралы және/немесе ЖЖОКБҰ басшысымен бекітілген хостелдермен/қонақ үйлермен шарттар туралы және білім алушылардың тұруы үшін үй-жайлардың халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды туралы мәліметтер ("Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс" саласында кадрларды даярлауды іске асыратын ЖЖОКБҰ-ға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясына қолданылмайды); |

| | | |
|---|---|---|
| | | басқа тілден аударылған мәтінді пайдалануды қоса алғанда, мағынаны (парафраз) өзгертпей, сөздер мен сөйлемдерді синониммен ауыстыра отырып мәтінді пайдаланудың және бөтен материалдың бар-жоғын тексеруге арналған компьютерлік бағдарламаның болуын растайтын құжат; Білім туралы берілген құжаттардың, дипломдық жұмыстардың (жобалардың), магистрлік диссертациялардың жұмыс істеп тұрған электрондық деректер базасының ( мұрағатының) тестілік қолжетімділігіне сілтеме ("Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс" саласында кадрлар даярлауды іске асыратын ЖЖОКБҰ-ға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясына қолданылмайды).<br>2. ЖЖОКБҰ білім беру қызметіне қойылатын бейіндік біліктілік талаптары:<br>"Бакалавр" академиялық дәрежесін бере отырып, жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін:<br>осы негізгі талаптардың тізбесіне 5 және 10-қосымшаларға сәйкес мәліметтер нысандары;<br>кадрларды даярлау бағытына сәйкес практика базалары ретінде айқындалған ұйымдармен практикадан өтуге арналған шарттардың (келісімдердің) ( кемінде екі) электрондық көшірмелері;<br>"Педагогикалық ғылымдар" кадрларды даярлау бағыты бойынша қосымша – дуальды оқыту жөніндегі шарттардың ( келісімдердің) (кемінде екі) электрондық көшірмелері;<br>"Денсаулық сақтау" кадрларды даярлау бағыты бойынша қосымша – білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес стратегиялық әріптестік туралы меморандумдардың (кемінде екі) және білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес тәлімгерлік |

| | | |
|---|---|---|
| | | туралы шарттардың (келісімдердің) (кемінде екі) көшірмелері. Шарттар (келісімдер) білім алушылардың толық оқу кезеңін қамтуы тиіс және мерзімін ұзарту туралы тармақты қамтуы мүмкін.<br>"Магистр" дәрежесін бере отырып, жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін:<br>осы Негізгі талаптардың тізбесіне 5 және 10-қосымшаларға сәйкес мәліметтер нысандары;<br>оқу кезеңінде жарамды ынтымақтастық туралы және шетелдік консультанттарды тарту жөніндегі шарттардың (келісімдердің) (кемінде екі) көшірмелері. Тек шет тілдерінде жасалған келісімдерді және/немесе шарттарды ұсынған кезде оларды мемлекеттік немесе орыс тіліне аудару талап етіледі;<br>оқу кезеңіне қолданылатын техникалық ерекшелікті (тапсырманы) және жұмыстардың күнтізбелік жоспарын қоса бере отырып, ғылыми-зерттеу және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізуге арналған ұйымдармен және кәсіпорындармен жасалған шарттардың (кемінде екі) электрондық көшірмелері;<br>кадрларды даярлаудың тиісті бағыттары бойынша ғылыми тағылымдамадан өтуге арналған практика базасы ретінде айқындалған ұйымдармен жасалған шарттардың (келісімдердің) (кемінде екі) электрондық көшірмелері; практиканы ЖЖОКБҰ-да өткен жағдайда – растайтын құжаттардың көшірмесі. Практика мен ғылыми тағылымдамадан өтуге арналған шарттар (келісімдер) оқу кезінде қолданыста болуы тиіс және шартты ұзарту туралы тармақты қамтуы мүмкін. Тек шет тілдерінде жасалған шарттарды ( |

| | | |
|---|---|---|
| 8. | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | келісімдерді) ұсынған кезде оларды мемлекеттік немесе орыс тіліне нотариалды куәландырылған аудармамен сүйемелдеу талап етіледі.<br>Резидентура білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін:<br>осы Негізгі талаптардың тізбесіне 10 және 11-қосымшаларға сәйкес мәліметтер нысандары;<br>білім алушылардың оқу кезеңін қамтитын және білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес денсаулық сақтау саласында аккредиттелген ересектер мен балалар бейіндерін қоса алғанда ( № ҚР ДСМ - 43 бұйрығына сәйкес ), резидентура базалары ретінде айқындалған ұйымдармен шарттардың (кемінде екі) және білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес стратегиялық әріптестік шарттардың (кемінде екі) электрондық көшірмелері;<br>Философия докторы (PhD) және бейіні бойынша доктор дәрежесін бере отырып, жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін:<br>осы Негізгі талаптардың тізбесіне 5 және 10-қосымшаларға сәйкес мәліметтер нысандары;<br>оқу кезеңіне қолданылатын техникалық ерекшелікті ( тапсырманы) және жұмыстардың күнтізбелік жоспарын қоса бере отырып, ғылыми-зерттеу және ( немесе ) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізуге арналған ұйымдармен және кәсіпорындармен жасалған шарттардың (кемінде екі) электрондық көшірмелері;<br>шетелдік ЖЖОКБҰ-мен ғылыми алмасу туралы, оның ішінде шетелдік консультанттарды тарту және бірлескен ғылыми жобаларды іске асыру жөніндегі шарттардың (келісімдердің) ( кемінде екі) электрондық көшірмелері;<br>бірлескен ғылыми жобаларды іске асыру бойынша ғылыми |

| | | | |
|---|---|---|---|
